

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ****Мұратбек Дина**[Dinamuratbekkyzy724@gmail.com](mailto:Dinamuratbekkyzy724@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

Тарих факультетінің 1 курс студенті

Ғылыми жетекші: Жылқыбаев К.

Кез-келген өркениетті мемлекет тұғырын сонау ескі заманнан алады. Әр мемлекеттің тарих қойнауына ескерткіштер, халық, жер жатады. Қазақ жұртының да басында осындай өркениет ошақтары бар. Бұл Ерте темір дәуірінен бастау алады десем кем айтқаным болмас. Ұлы Даланың шығысында Алтай мен Ертістің ұштасқан тұсында талай қазына, талай ескерткіш жатыр. Еуразия тарихы мен өркениетінің көптеген түйіткілді мәселелерінің түйінін шешетін Шығыс Қазақстан аумағындағы ерте темір дәуірі ескерткіштері болып табылады. Шығыс Қазақстан орналасуы бойынша 3 ке бөлінеді. Олар: Алтай, Тарбағатай, Ертіс. Бұл үш бөліктің өзіндік ерекшеліктері мен сипаттары бар.

Шығыс Қазақстан облысының зерттелген және әлі күнге дейін зерттеліп келе жатқан ескерткіштері Шілікті патша қорғандары мен Берел қорымы болып табылады. Шығыс Қазақстанның далалық бөлігінің тамаша ескерткіші Шілікті обасы, ол 51 үйіндіден тұратын үлкен қорымның құрамына кіреді. Басқа жерлердегідей, бұл жерде де ұсақ обалар аз. Қорымның үйілген топырағының биіктігі 8-10 м-ге дейін жетеді. Бұлар жүздеген жылдар бойы адам жерленген, тайпалар мен ру көсемдерінің зираттары. Обаны қазу жұмыстарының арқасында оның құрылымын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік пайда болды. 2009 жылда жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысы барысында Шілікті I №36 обасының жер бетінде үйілген шымдар мен сары топырақ, тас араласқан топырақ қабаттарынан тұратын күрделі архитектуралық салалық негізде өсімдік тамырлары қабатынан мал сүйек топтамалары табылды [1].

Шілікті жазығында екі ірі сақ «патша» обасы және бірнеше кіші қорғандар табылды. Зерттеу барысында сақтың «Шілікті алтын адамы» табылды. Алтын адамдағы таза құйма алтын заттардың табылған саны 4303 дананы құрайды. Барлығы аң стилінде, яғни арқар бейнесі, бұғы, барыс, қасқыр, қонжық бейнесінде жасалынған. Солардың ішінде айрықша назар аудартатыны, жылжымас билікті көрсететін «бес жұлдызды» түйме болып табылады. Бұл шілікті обасы б.з.б YII-YI ғасырлар аралығына жатқызылады [2].

Келесі қарастыратын Берел қорымы. Берел қорғандары Бұқтырма өзенінің сағасында орналасқан. Қалыңдығы 7 м және одан да артық болатын топырақ аралас саз қабатынан тұратын террасаның (Горбунов, Самашев, Северский, 2005, с.77-78) пішіні үшбұрыш болып келген. Солтүстік-шығыс жағында Бұқтырма өзеніне құятын Ақ Берел (Ақбұлқақ) өзенімен, оңтүстік-шығысы мен оңтүстігінде аймақтың негізгі су көзі болып табылатын Бұқтырма өзенінің өзімен, ал батысында – Қандысу атты тау (Сахатуха-Бұланты) тау өзенімен шектеседі. Обаның жан-жағын Қазақ Алтайының тау жүйесі қоршап тұр [3].

Берел өзінің жылқы сүйегі табылуымен танымал. Негізінен, Берелдегі ескерткіштерді жылқының саны бойынша 3 топқа бөліп қарастырады. Бірінші топ, қоғамның басында тұраған абыздар мен көсемдер жерленген обалар, ол обаларда ең көп жылқылар табылған. Екінші топ қоғамның қарапайым өкілдері жерленгендер, яғни жылқы саны да орташа. Үшінші, соңғы топ қоғамның қарапайым қатардағы өкілдері жерленген обалар, яғни жылқы саны да ең азы. Атқа арналған орын да өзінше бір тас жәшік, түйісетін жерлері тігінен қойылған тастармен және кәсектермен белгіленген, оларды жерді қазып орнатып, мықтап бекіткен. Жылқының аяқтарын бауырына алып жатқызған, ал басы мен мойны адам жерленген жердің бұрышына жақын жердегі, яғни шығыс жағындағы биік баспалдаққа қойылған. Атқа арналған орын да өзінше бір тас жәшік, түйісетін жерлері тігінен қойылған тастармен және кәсектермен белгіленген, оларды жерді қазып орнатып, мықтап бекіткен. Жылқының аяқтарын бауырына

алып жатқызған, ал басы мен мойны адам жерленген табыт бұрышына жақын жердегі, яғни шығыс жағындағы биік баспалдаққа қойылған.

Берелден табылған жылқылар зоологтардың қорытындысы бойынша жартылай жіңішке аяқты жылқылар тобына жатады. Бірінші топтағы жылқылар жас күнінде жақсы күтімде болып, қатты ашығып көрмегені байқалады. Жануарлардың көбі сол жақ шекесінен диаметрі 20 см-дей болатын жұмыр балтамен ұрып өлтірген. Исламға дейін дала халқы жануарларды бауыздамай осы әдіспен өлтіретін болған, бұл жөнінде А. ибн Фадлан (Путешествие с.61) Х ғ. басында жазып қалдырған. Жылқы қаңқасының астынан құрылыстың еденіне салынған аттың төсемінен қалған ұсақ жалпақ тастар байқалады [3].

Келесі қарастыратынымыз - Елеке сазындағы ерекше ескерткіштер. Елеке сазы Тарбағатай тауының бөктерінде орналасқан. Бұл алдыңғы үшеуіне қарағанда кешірек зерттелді. Зерттеуші археолог - Ерден Қуанышбекұлы. Елеке сазындағы ескерткіштердің көпшілігі ерте көшпелілер немесе сақтар кезеңіне жатады. Үлкен обаның диаметрі – 120 метр, биіктігі 5 метрге дейін жетеді. Осындай алып обалардың маңайына диаметрлері 80-60 метрлік басқа обалар топтасқан. Обалардың сыртқы пішіндеріне қарағанда кейбірінің тас сақиналары бар, кейбірінде арнайы қазылған орлар бар. Зерттеу бойынша бұл алқапта бір жарым мың жылдық мерзімді қамтитын әр дәуірдің элиталық, ақсүйектік ескерткіштері топтасқан.

Қорытындылай келе, осындай обалар мен ескерткіштер Қазақ даласының байлығын көрсететін түсіне аламыз. Себебі, Берел мен Шіліктідей обалар ата-бабаларымыздың жылқы өнерінде, алтын өндіру өнерінде дәріштейді. Біз үшін, яғни өсіп келе жатқан ұрпақ үшін бұларды білу, тарихымызды санаға тоқу өте маңызды. Мақала осы мақсатта жазылған [4].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі**

1. Төлеубаев Ә.Т. Шілікті патша обалары және сақ проблемасының кейбір түйінді мәселелері // Каспий – Арал өңірінің тарихи-мәдени мұралары. Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары. – Ақтау, 2007. – 1 бөлім. – 229-235 бб.
2. Ә.Т. Төлеубаев. Раннесакская Шиликтинская культура. - Алматы: ИП «Садвакасов А.К.», 2018. – 447-478 бб.
3. Материалы и исследования по культурному наследию том XIII. Берел. Тридцать шестой курган. / З. С. Самашев. Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының баспа тобы, 2018. – 324 б. Автор проекта З. Самашев. 256-257 бб
4. <https://egemen.kz/article/151381-eleke-sazyndaghy-erekshe-eskertkishter>

ӘӨЖ 93/94

#### **ТҮРКІСТАН АВТОНОМИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ**

**Нурсейтова Ляйля**

[puela86@mail.ru](mailto:puela86@mail.ru)

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2-курс магистранты,

Қызылорда, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б. Абжаппарова

Ақпан төңкерісі Түркістан халқының, жалпы патшалық Ресей үкіметінің боданында болған әр халықтың оянуына, саяси оқиғалар жасауына алып келді. Жергілікті халық Мемлекеттік Думаға, Уақытша үкіметке, Петроград жұмысшы және солдат депутаттары кеңесіне, газет-журнал редакциясына жеделхаттар жолдап, өздерінің саяси көзқарастарын айқын білдіре бастады. Алайда ақпан төңкересі болғаннан кейін Түркістанды генерал-губернатор А.Н. Куропаткинді Петроградқа шақыртып, Н.Н.Щепкиннің төрағалығымен «Түркістан өлкесін басқару жөніндегі уақытша комитет» құрылады. Оның құрамына Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышбаев, Садри Максуди, Абдулази Даулетшин сынды түркі-мұсылман халықтарынан 4 өкіл шақырылған болатын. Алайда бұған тек бұл аталғандардан М. Тынышбаев ғана мүшелікке өтеді.